

калаға кетуіне байланысты бұл ауыл ақырында қаңырап бос қалған ауылға айналады. Жазушы суреттейтін әлем шынымен де ертегі сияқты, себебі мұнда перілер, жындар, ергежейлілер, үй перісі мекен етеді. Бірақ бұл отбасы құрдымға кетіп бара жатыр, себебі олардың жері енді өңделмейді. Оған көрші де таласады, ал жердің сатылуы отбасы мүшелерінің арасындағы талас пен өлімнің себебі болады. Осыған қарамастан Тарик бұрынғы ауылдағы өмірді өзінің өмірінің жәннаттық кезеңі ретінде қабылдайды. Кітаптың соңында ол қаладағы туысқан бауырларының үйін паналайды. Романда өлім көптеп кездеседі. Алдымен анасының өлімі. Оны құтқаруға мүмкін болса да, отбасы мүшелері оны істемейді. Одан кейін, жартылай есі ауысқан әжесінің өлімі. Солай дей тұрса да, дәл осы әжесі Тарикқа үлкен сабақ берген еді. Ақырында атасының өлімі оның таңғажайып оқиғалары ауылда тірі қалған әр адамның жадында, дегенмен, батареикамен көрсететін телидидардың өзі де енді оған бақталас болып тұр. Олардың әрқайсысы қайтыс болуымен Тариктың өміріне шешуші ықпалын тигізеді.

Баласы өмір сүретін ауыл әлемі әкесі өмір сүретін қала әлеміне, Парижге қарама-қайшы. Ол қалаға үлкен қажеттілікке тап болғандықтан келіп, өмір сүру үшін әр түрлі салада жұмыс

істейді. Оның француз қыздармен қарым-қатынасы оған көптеген проблемалар алып келеді. «Осындай жағдайдың өзінде кішкентай да болса махаббат болуы керек», - дейді қыздардың бірі оған. Бірақ оның жеке өзі болғанды ұнататынымен не істесе болады? «Егер сен өзінің өткенің мен болашағыннан бас тартсаң, сен құрисиың», - дейді оған баласы. Ұлтшылдық пен расизмнің арасында қандай тәуелділік ба? Зийад өзінің көңілдерінің бірінен СПИД-ті жұқтырып, қайтыс болады. «Тарик және әкесінің досы «пье-нуар» Филип (Пье-нуар – бұрынғы Франциялық колониялардан шыққан қашқындарды Францияда төмендетіп атайтын атау) кек алуды ойлап, кінәлі болған *Лишанды* өлтіреді. Олар «Лишанды өлтіруді патриоттық іс жасау» деп ұғады.

\*\*\*

1. Кирпиченко В.Н. Современная египетская проза 60-70-е годы. – М.: «Наука», 1986.
2. Кирпиченко В.Н., Сафронов В.В. История Египетской литературы XIX-XX веков, в двух томах. - Москва, 2002.
3. [http://ru.wikipedia.org/wiki/Июльская\\_революция\\_в\\_Египте](http://ru.wikipedia.org/wiki/Июльская_революция_в_Египте).
4. <http://geo.historic.ru/enc/item/f00/s00/m000090/index.shtml>.
5. <http://n-t.ru/nl/lt/mahfouz.htm>.

## Г. Қ. Қатбаева

### АУЫЗЕКІ ҚЫТАЙ ТІЛІНДЕГІ ҚОЛДАНЫЛАТЫН КОНСТРУКЦИЯЛАР

Қазіргі қытай тіліндегі конструкциялар семантикасы олардың өзара байланысқан компоненттерінің мағыналары негізінде құрылатын күрделі тілдік бірліктер деп айтсақ та болады. Қытай тілінде байланыстарушы жалғаулық шылаулар, сондай-ақ белгілі етістіктер арқылы байланысқан сөйлемдер жиі кездеседі. Қытай тілі синтаксисінде олардың орны ерекше.

Ауызекі тіл адам әрекетінің барлық жағымен тікелей байланысты. Бұл әрекет үздіксіз жүзеге асып отырады, ол әртүрлі және өзгермелі, сондықтан ауызекі тілдегі өзгеріс пен оның дамуы да айтарлықтай тез болып, тілдік жаңашылдықтың мөлшері де айтарлықтай жоғары болады /5, 43/. Егер мысалға пекин диалектісін алатын болсақ, соңғы бірнеше ондаған жылдарда ол үлкен өзгеріске ұшырады. Пекин диалектісінің лексика және грамматикасын алатын болсақ, онда да өзгерістер аз емес. Лексикада көптеген жаңа құбылысты көрсететін неологизмдер мен ғылыми-техникалық терминдердің топтары, жастар арасында пайда болған «болымды», «болымсыз» ұғымды білдіретін жаңа

сөздер пайда болды. «ши фу» *шебер* деген сөз қазіргі таңда жалпыға бірдей қолданыла бастады. Етістікті-объектілі конструкцияны қолдану кең таралып, осындай конструкциядан құрылған айтылым саны да көбейе бастады. Мысалы: пао ма «атпен шабу», маң ван фан «кешкі аспен қарбалас». Тіпті өз кезеңінде етістікті-объектілі конструкцияға қатысы жоқ конструкциялар да қазіргі кезде етістікті-объектілі конструкция ретінде кең қолданылуда /2/. Мысалы: гаошымысиң «неге қунып тұрсың?», туңгуо санниенсюэ «үш жыл бірге оқу». Сондай-ақ жастар дынихур «мені күте тұр» айтылымын жиі қолданады.

Ауызекі тіл стилистикалық тұрғыдан анық болмайды, оның құрамында нормаға сай емес тілдік бірліктер көп, сондықтан оның жазбаша формасын оқу айтарлықтай қиындық туғызады.

Ауызекі тіл – бұл адам өте ерте жастан үйренетін тіл болып табылады. Әдетте 11-12 жастан бастап ауызекі тілдің дағдысы мен икемі қалыптаса бастайды. Егер адам стандартты ауызекі тілдің түрін меңгерсе де, оның сөзінен

әрдайым бұрын қалыптасқан ана тіліне тән ерекшеліктер көрініп тұрады. Бұған путунхуа мен ауызекі тіл диалектісі тән. Грамматика саласында путунхуа мен диалект арасындағы айырмашылық мынандай конструкцияларды қолдану барысында айқын көрінеді: jinchengqu- «қалаға бару» орнына quchengli, wo da bu dao ta «оған шамам жетпейді» орнына wo da ta bu dao , ni gaosu ta «оған айт» орнына ni dui ta jiang т.б. /1/

Ауызекі тіл тілдік бірліктерді үнемдеу принципімен дамиды. Сөйлеуде жағдайдың айқындығы мен көмекші сөздердің қолданысы тіпті кейбір маңызды тілдік бірліктердің түсіп қалуына жол береді. Мысалы: (май) лян чжан (дао) Сисы (ды чэ няо) 'Сисыға дейін екі билет сатып алу'.

Ауызекі қытай тілінде сөйлеушілердің арасында ұлттық, жас, мамандық, білім деңгейі, тілдік дайындық тұрғысынан ерекшелік бар; олар үшін әртүрлі тілдер мен диалектілер ана тілі болып табылады. Осы және басқа да себептерге байланысты ауызекі қытай тілін меңгеру деңгейі айқындалады.

Қытай тілінде ауызекі тіліне тән конструкциялар бар. Солардың ішінде жиі қолданылатын конструкциялар /3, 24/:

1. 管...叫... конструкциясы “把...称为” (атау) деген мағынаны білдіреді.

管外国人叫“老外”。 Шетелдіктерді “лао-вай” деп атайды.

2. 说...就... конструкциясы ойластырған істі бірден дереу істеу керек деген мағынаны білдіреді.

说走就走, 别犹豫了。 Барам деген соң бару керек, көп ойланба.

3. 想...就... конструкциясы “如果...就” немесе “只要...就” конструкцияларына ұқсас.

想去就去, 犹豫什么? Барғың келсе бар, ойланудың керегі не?

4. 说什么也得 V конструкциясы қандай жағдай болмасын бір нәрсе істеу керек деген мағынаны білдіреді.

今天这会你说什么也得参加。 Бүгінгі жиналысқа не десең де қатысуың керек.

5. ... (动) 来 ... (动) 去 конструкциясы белгілі бір әрекет бірнеше рет қайталанып немесе ұзақ уақыт болғанын білдіреді.

看看去, 也没看明白。 Ары қарап бері қарап, түк түсінген жоқпын.

6. 动/形) 是 (动/形), (就是) ... конструкциясы.

这件衣服好是好, 就是太贵了。 Бұл киім жақсысы жақсы, бірақ біраз қымбаттау.

7. 实话对/跟你说吧... конструкциясы айтайын деген шынайы жағдайды білдіреді /4, 46/.

实话对你说吧, 我也我不想去。 Шынымды айтсам, менің де барғым келмейді.

8. 还是...好 салыстыру арқылы таңдауды білдіреді.

还是早点儿告诉他的好。 Ең жақсысы оған ертерек айтқан жөн.

9. 不知...的 конструкциясы  
不知怎么的, 说着说着哭起来。 Не болғанын білмедім, сөйлеп отырып жылап жіберді.

10. X1 是X1, X2是X2 конструкциясы X1 мен X2 екеуі екі түрлі екенін білдіреді.

你是你, 我是我, 咱们俩可不一样。 Сен ол сен, мен ол мен, екеуіміз екі түрліміз.

11. 就...来讲 конструкциясы белгілі бір жақтан қарағанда деген мағынаны білдіреді.

就整体的、势来讲, 出现了缓慢的增长。

12. 拿...来说 мысал келтіру деген мағынаны білдіреді.

拿你的条件来说吧, 就很不错。 Сенің талаптарыңды алып қарасақ, жаман емес.

13. 甚至 конструкциясы көбінесе “不仅...还”, “连...还”, “连...都/也” конструкцияларымен бірге қолданылады.

甚至连他的朋友也开始反对他了。 Тіпті оның досы да оған қарсы шыға бастады.

14. 太...了 одағай мағынасын білдіреді. Көбінесе лепті сөйлемдерде қолданылады.

太好了! 我早就盼着他来呢! Жақсы болды (бәрекелді)! Мен оны ертеден келеді деп күткенмін.

15. 多(么)...啊 конструкциясы қызығу, тамсану мағынасын білдіреді.

多么幸福的对啊! Қандай бақытты жұп!

16. 就你..., 别人都... “тек саған ғана болады, басқаларына болмайды” деген мағынаны білдіреді.

就你聪明, 别人都是傻瓜! Тек сен ғана ақылдысың, қалғандарының бәрі ақымақ!

17. 不就是...吗 конструкциясы  
不就是说了他一句吗? 至于那么生气吗? Ол бір ғана сөз айтты ғой, несіне сонша ашуланасың?

18. 一边(一面)...一边(一面) – бір жағынан...бір жағынан.... Екі әрекеттің бір уақытта орын алатынын білдіреді, негізгі қимылды білдіретін етістіктер қолданылады.

他一边说, 一边写。 Ол бір жағынан сөйлеп жатыр, бір жағынан жазып жатыр.

孩子们边唱边跳。 Балалар бір жағынан ән айтып, бір жағынан би билеп жатыр.

Кей жағдайда сөйлемде 一边...一边... конструкциясы қазақ тіліне аударылмайды. Мысалы: 他一边说, 我一边记。

Ол айтып жатыр, мен есте сақтап жатырмын.

Бұл жалғаулық шылаулар бастауыштан кейін, нақты қимылды білдіретін етістіктің алдында, бірдей немесе бірдей емес бастауышы бар салаластың ортасында қолданылады. Мысалы:

他一面看电视一面做家庭作业。

Ол бір жағынан теледидар көріп отыр, бір жағынан үй жұмысын жасап отыр.

Бұл конструкция кейде қазақ тіліне аударылмайды. Мысалы:

他边问我边回答。Ол сұрап жатыр, мен жауап беріп жатырмын.

他一年仍我一边收。Ол лақтырып жатыр, мен жинап жатырмын.

19. 一方面…另一方面… - бір жағынан…екінші жағынан…

Бір істің екі жағы бір уақытта орын алғанын білдіреді, көбінесе абстрактілі мағынадағы етістік қолданылады. Бастауышы бірдей болған жағдайда, конструкция бастауыштан кейін қолданылады; бастауыштары бірдей болмаған жағдайда, бастауыштың алдында қолданылады. 我来中国一方面学汉语, (另)一方面开阔一下儿眼世。

Мен Қытайға бір жағынан қытай тілін оқу үшін, екінші жағынан ой-өрісімді кеңейту үшін келдім.

一方面由于经济原因, (另)一方面由于身体原因, 他退学了。

Бір жағынан экономикалық себептерге байланысты, екінші жағынан денсаулығына байланысты ол оқуын тастады /27, 234/.

20. 即(又)…又(又)… - әрі…әрі…

Екі іс әрекет немесе екі түрлі жағдайдың бір уақытта болғанын білдіреді.

他是个既聪明又能干的人。Ол әрі ақылды, әрі қолынан іс келетін адам.

Бұл конструкция бірдей бастауыштары бар салалас сөйлем ортасында бастауыштан кейін не етістік, не сын есімнің алдына қойылады. Қазақ тіліне аударылғанда бұл конструкцияның бірінші элементі қолданылмаса да болады.

这苹果又红又大 Бұл алма (әрі) қызыл әрі үлкен.

21. 即…也…- әрі…сондай-ақ…Екі іс-әрекет немесе екі түрлі жағдайдың бір уақытта болғанын білдіреді.

及影响了个人的前途也影响了公司的声誉。

Оның бұлай істеуі өзінің болашағына, сондай-ақ фирманың әсер етті.

Бірдей бастауышы бар сөйлемде жалғаулық шылаулар етістіктен кейін тұрады.

他既会说汉语也会说英语。Ол әрі қытайша сөйлей алады, сондай-ақ ағылшынша сөйлей алады.

«即» немесе «也» бастауыштың алдында сондай-ақ, әдетте әр түрлі бастауыштары бар салаласта қолданылмайды. Мысалы:

\*既他会说汉语也他会说英语。

\*Әрі ол қытайша, сондай-ақ ағылшынша сөйлей алады.

22. 也…也… - да (та)…де (те) . Екі түрлі іс-қимыл мен екі түрлі жағдайдың бір уақытта болғанын білдіреді.

你也不去, 我也不去, 那谁去呢? Ол да бармайды, мен де бармаймын, сонда кім барады?

Көбінесе бастауыштары бірдей емес салаласта қолданылады.

风也停了, 雨也停了。 Жел де тоқтады, жаңбыр да тоқтады.

Әдетте бастауыштары бірдей салалас құрмаласта қолданылмайды. Алайда мұндай жалғаулықты шылау қазақ тіліндегі салаласта қолданыла береді.

\*他也会说汉语, 也会说英语。Ол ағылшынша да, қытайша да сөйлей алады.

他也吃中餐也吃西餐。Ол қытай тағамын да, батыс тағамын да жей береді.

23. 一会儿…一会儿…- біресе…біресе…

天气一会儿阳, 一会晴。 Ауа райы біресе бұлтты, біресе ашық.

24. 时而…时而…- бірде (кейде)…бірде (кейде) 这几天时而晴天, 时而下雨。

Соңғы күндері ауа райы кейде (бірде) бұлтты бірде (кейде) жаңбырлы

25. …连同 - …қосқанда; бірге

连同你, 一共三十人参加。Сені қосқанда барлығы отыз адам қатысады.

26. 一来 (一次/一是)…二来 (二是)… - біріншіден…, екіншіден…

他来中国一来是想学习汉语, 二来是想开阔一下儿眼世。

Оның Қытайға келуі біріншіден қытай тілін үйрену, екіншіден ой-өрісін кеңейту.

27. 有的/有时…有的/有时…- кейбіреуі/кейде…кейбіреуі / кейде

教室里同学们有的在看书, 有的在说着稍稍话

Аудиториядағы студенттердің кейбіреуі кітап оқып отыр, кейбіреуі ақырын әңгімелесіп отыр.

周末, 我有时在家, 有时去学校。Демалыс күндері мен кейде үйде боламын, кейде университетке барамын.

Мұндай конструкциялар ауызекі тілде жиі қолданылады. Олардың көбісі негізінен қыс-тырма сөздер арқылы құрылады.

\*\*\*

2. [www.ru.wikipedia.org](http://www.ru.wikipedia.org).

3. 刘元满, 任雪梅. 高级汉语口语. 北京: 北京大学出版社, 2007. -154页.

4. 梁龙. HSK 应试语法. 北京, 2008. - 201 页.

5. 赵元任. 汉语口语语法. 北京: 商务书馆 2005. -154 页.

\*\*\*

В статье рассматривается часто употребляемые конструкций устной речи китайского языка.

\*\*\*

In this article it is considered often used construction of oral speech of the Chinese language.

## Мохаммед Наср ал-Гибали

### ЧУВСТВА БОЯЗНИ У ГЕРОЕВ А.П. ЧЕХОВА

Чехов отличается от других русских писателей своей многогранностью и неуловимостью. Именно поэтому до сих пор никто не причислял его к каким-либо литературным группировкам. Постоянно идет спор о том, кем был Чехов и можно ли его считать писателем-реалистом, натуралистом или символистом.

По мнению Ж. П. Барричелли, Чехов – писатель-натуралист и его творчество направлено на то, чтобы показать жизнь как она есть /1, 30/.

Сам Чехов считал жизнь предметом своего творчества, он любил изображать ее правдиво и объективно. Он оставался верен этому принципу до последних дней своей жизни. Поэтому неудивительно, что многие литературные критики называют его «свидетелем русской жизни» конца 19-го века.

Вопрос о присутствии ощущения испуга и боязни в произведениях Чехова впервые был затронут в статье Н.И.Ульянова "Мистицизм Чехова". В этой статье автор обсуждает интерес Чехова ко всему непостижимому и мистическому. Эта тема редко затрагивалась в критических работах и до сих пор не получила достойного освещения в литературоведении. В исключительно важной работе Н.А. Энгельгардта "История русской литературы 19 столетия" указывается на наличие элементов пессимистической мистики в творчестве Чехова /7, 61/.

Чувства боязни и страха пронизывают почти все произведения Чехова. Они встречаются еще в раннем творчестве писателя, например, в рассказах "Страхи", "Казак", "Шампанское", "Красавицы", "Огни" и "Степь" вплоть до поздних его произведений, таких, как "Палата № 6", "Страх" и "Черный монах" и другие. Даже пьесы писателя пронизаны подобными ощущениями. Герой рассказа "Страх" Дмитрий Петрович Силин боится всего. По мнению автора рассказа, он "болен боязнью жизни" /9/.

Героя, по мнению Чехова, пугает непонятное и непостижимое. Например, Силин боится ужасных событий, катастроф и самых обыкновенных событий. Он боится самой жизни. Все, что непонятно в окружающем мире, для него –

угроза. Он размышляет и пытается найти ответы на волнующие его вопросы о смысле жизни и человеческого существования. Он убежден в том, что люди понимают то, что видят и слышат, а он ежедневно отравляет себя своим собственным страхом.

По мнению П.Н. Долженникова, существует только одна истина, в которой нельзя усомниться – люди не знают себя и окружающий мир. Невозможность познания настоящей правды – удел человека и поэтому, естественно, его рефлексия на действительность наполнена страхом. Вывод Чехова таков – все люди должны бояться жизни /3, 86/.

Герой рассказа не способен понимать окружающих его людей, не понимает также, почему они страдают и в чем цель их жизни. Он даже боится их: "Я вижу, что мы мало знаем и поэтому каждый день ошибаемся, бываем несправедливы, клеветаем, заедаем чужой век, расходим все свои силы на вздор, который нам не нужен и мешает нам жить, и это мне страшно, потому что я не понимаю, для чего и кому все это нужно" /9/.

Герой рассказа все время пытается скрыться и уединиться. Он как будто убегает от жизни. Он оставляет службу в Петербурге из-за того, что испытывает чувства страха и боязни и решает жить в одиночестве в своей усадьбе. И тут он получает второй сильный удар, когда его супруга и друг предают его. Когда он узнает об этой измене, тот же страх гонит его из дома -: "Руки у него дрожали, он торопился и оглядывался на дом, вероятно, ему было страшно" /9/.

Неудивительно, что герой рассказа сравнивает себя с новорожденной мышкой, чья жизнь состоит из одних ужасов.

В рассказе «Палата №6» тема страха вновь выходит на первый план. Герой рассказа Андрей Ефимович тоже боится всего и всех. Больше всего он остерегается действительности. Даже сама природа для него выглядит страшной. Пугающими кажутся и самые обыкновенные вещи и предметы, как например гвозди на заборе и далекий пламень костопального завода. В рас-